



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«16» 06 2022 жылы N 82
Нұр-Сұлтан қаласы

**«Арнайы білім беру ұйымының
үздік педагогі» республикалық
педагогикалық шеберлік байқауының
I (қалалық) кезеңінің қорытындысы туралы**

«Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі» республикалық педагогикалық шеберлік байқауының (бұдан әрі – Байқау) I (қалалық) кезеңінің қорытындысы бойынша Қазылар алқасы отырысының (09.06.2022 ж. №1 хаттама) шешімі негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Байқау Ережесіне сай номинациялар бойынша ең жоғарғы ұпай жинаған қатысушылар диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталсын:

1) «Арнайы мектептің үздік педагогі (мұғалімі)» номинациясы бойынша жеңімпаз - Шонанова Феруза Рысқұлбекқызы, №2 арнайы мектеп педагогі;

2) «Арнайы балабақша тәрбиеленушілерін психологиялық педагогикалық сүйемелдеудің үздік педагогі» номинациясы бойынша жеңімпаз – Кокаева Индира Абзабековна, №64 арнайы балабақшасының дефектологы;

3) «Арнайы мектеп оқушыларын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің үздік педагогі» номинациясы бойынша жеңімпаз – Бекебаева Гульжан Жанболатовна, №1 арнайы мектеп-интернаты педагог психологы.

2. Байқау номинациялары бойынша жеңімпаздар «Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі» республикалық педагогикалық шеберлік байқауының II (межелік) кезеңіне жіберілсін және байқауға дайындалу барысында Орталықтың Инклюзивті білім беру бөлім әдіскерлері тарапынан әдістемелік көмек көрсетілсін.

3. Есеп бөлімі (Есхожина Ж.Д.) байқау жеңімпаздарына сыйлықтардың уақытылы бөлінуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары С. Дауешоваға жүктелсін.

Басшы

С. Мадеев